

Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киімнің (погонсыз) үлгілерін және Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киімнің (погонсыз) киіп жұру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 30/98 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 9 сәуірде № 7528 тіркелді.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6–тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 18.07.2024 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес, Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киім (погонсыз) үлгілері;

2) осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес, Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киімді (погонсыз) киіп жұру үлгілерінің Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық және Астана, Алматы қалаларының аумақтық инспекция басшылары ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киімдерін (погонсыз) сатып алу респубикалық бюджетпен қарастырылып бөлінген қаржының шегінде қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (Жақыпбаев Н.Х.) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің вице-министре жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

A. Мамытбеков

ҚР Ауыл шаруашылығы

министрінің
2012 жылғы 13 наурыздагы
№ 30/98 бүйрекінің
1-қосымша

**Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киім
(погонсыз) үлгілері**


1. Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды (погонсыз) киімдері (бұдан әрі – нысанды киім) салтанатты, күнделікті, сезондық-қысқы және арнайы болып бөлінеді.

2. Үлгілік киімдер өлшемге сәйкес дайын түрде беріледі.

3. Барлық бөлшектердің өлшемдері миллиметрмен (бұдан әрі – мм) көрсетіледі.

1 – сурет

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының жазғы
ерлерге арналған нысанды киімі (погонсыз) үлгілері**



Ескерту: а – салтанатты нысанды киім; б – салтанатты жазғы нысанды киім; в – күнделікті нысанды киім; г – күнделікті нысанды киім; д – күнделікті жазғы нысанды киім

**Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың ерлерге арналған
нысанды киімдерінің (погонсыз) сипаты**

4. Салтанатты және күнделікті киімнің жатады (1 сурет):

- 1) болат және қара-көк түсті фуражка;
- 2) қара-көк түсті берет;

- 3) болат және қара-көк түсті ашық бір өнірлі китель;
- 4) күнделікті күрте қара-көк түсті;
- 5) қысқа немесе ұзын жеңді ақ және көгілдір түсті жейде;
- 6) болат және қара-көк түсті балағы түсіңкі шалбар;
- 7) қара түсті галстук;
- 8) галстукке арналған қысқыш;
- 9) белғары белбеу;
- 10) қара түсті белғары туфли.

5. Фуражка жартылай жүн матадан жасалады. Салтанатты фуражка – болат түсті матадан, күнделікті - қара-көк түсті матадан жасалады. Сопақша түбі және дөңгелек қабырғасы, қара-көк түсті шұға немесе барқытты шеңбері мен құнқағардан тұрады. Қалқаншаның ортасының үстіне қалқанға кокарда бекітіледі. Құнқағар үстіндегі жағынан лакталған қара терімен, ал төменгі жағынан қара түсті жұмсақ терімен немесе жұннен тоқылған матамен қапталған. Құнқағардың үстіндегі жағында, киетін шеңберіне екі нысанды түймелер, алтын түсті тоқылған филигран бауы тағылады.

6. Берет астарымен қара-көк түсті жұннен тоқылған матадан тігіледі. Береттің асты ені 50 мм қара-көк түсті трикотаж матасынан тігіледі. Береттің алдындағы ортасына кокарда тағылады.

7. Китель жартылай жүн матадан жасалады, салтанатты китель – болат түсті матадан, күнделікті - қара-көк түсті матадан жасалады. Жартылай қынамалы силуэтті, бір өнірлі, астында, төрт нысанды түймеге түймеленген. Жағасы мен лацканы қайырылған. Шлицасында үш нысанды түймесі бар жеңі екі тігіспен қайын тігілген, сол жақ жеңінде жеңді белгісі және ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың айырым белгісі бар. Арқа тұсының ортаңғы тігісі шлицамен біtedі, таяқшалары бүйірінің жырығымен және белі бойынша алдыңғы қырнаумен, бүйірінде клапанды тілік қалталары және кеуденің сол жағында тілінген омырақ қалталары бар.

8. Құнделікті күрте қара-көк түсті жартылай жұнді матадан тігіледі. Күрте тік пішінді өнірі сыйырмалы ілгекпен түймеленеді. Бүйірлері жалғап тігілген иінішті, жалғап тігілген жерінде жапсырылып салынған клапанды төс қалталар мен ойылып салынған рамкалы екі жан қалтасы бар, олар сыйырмалы ілгекпен түймеленеді. Арқасында жалғап тігілген иініші және иініш жапсырылған тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Жағасы қайырылған. Жеңі қос тігісті, жапсыра тігілген манжеталары және шынтақ тігісінде тілігі бар. Сол жақ жеңінде жеңдік белгі (шеврон) тігілген. Күртенің төменгі жағында екі бүйірі жалғап тігілген, төрт қатар резинкамен тартылған болады. Манжеталары нысанды екі шағын түймемен, ал клапандары бір түймемен түймеленеді.

9. Ұзын жеңді жейде көгілдір түсті поліэстердің үйлесуімен мақтадан тоқылған матадан тігіледі. Жейде тік пішінді, орталық өнірден түймелермен түймеленеді және клапанды екі жапсырма төс қалтасы бар. Жейденің төменгі жағында бүйір тігістері

төрт қатар резинкамен тартылып, сырып тігіледі. Қондырмалы қайырма жағалы, тіктеп жалғанған. Жеңі җапсыра тігілген, қос тігісті, шынтақ тігістері шлицамен өндөлген, жеңінің тәменгі жағына түймелермен түймеленетін манжеталар жалғана тігілген. Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иініші бар, тігілген тігіс бойымен екі жерден қаусырылған.

10. Қысқа жеңді жейде көгілдір тұсті полиэстердің үйлесуімен мактадан тоқылған матадан тігіледі. Жейде тік пішінді, орталық өнірден түймелермен түймеленеді және клапанды екі жапсырма төс қалтасы бар. Жейденің тәменгі жағында бүйір тігістері төрт қатар резинкамен тартылып, сырып тігіледі. Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы бар, тіктеп жалғанған. Жені қысқа, сырыйланған қос тігісті, жеңінің тәменгі жағына имитациялы манжеталар салынған. Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иініші бар, тігілген тігіс бойымен екі жерден қаусырылған.

11. Шалбар жүн аралас матадан астарымен тігіледі. Салтанатты шалбар болат тұсті матадан, күнделікті қара-көк тұсті матадан жасалады. Шалбар тік пішінді. Екі жақ сыртқы тігісінің бойымен ені 2,5 мм алтын тұсті жиек салынған. Шалбардың артқы жақ бөліктерінде бүрме тігістер салынған, ал он жақ бөлігіне ойылып салынған рамкалы қалта тігіледі, ол күрмек ілгекпен бір түймемен түймеленеді. Шалбардың алдыңғы жақ бөліктеріне екі жан қалта тігіледі. Шалбардың алды сыдырма ілгекпен түймеленеді. Белі сырыйлып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 10 мм. Әрленген тігістерінің ені 2 мм.


12. Галстук қара тұсті матадан тігілген және созылған трапеция түрінде негізгі бөлігі тік бұрыш болып аяқталады.

13. Белбек қара тұсті былғары.

14. Туфлии қара тұсті былғары.

2 – сурет

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың жазғы
әйелдерге арналған нысанды киімі (погонсыз) үлгілері**



Ескеरту: а – салтанатты нысанды киім; б – салтанатты жазғы нысанды киім; в – құнделікті нысанды киім; г – құнделікті нысанды киім; д – құнделікті жазғы нысанды киім

**Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың әйелдерге арналған
нысанды киімдерінің (погонсыз) сипаты**

15. Салтанатты және құнделікті киімнің жатады (2 сурет):

- 1) болат және қара-көк түсті қалпақ-таблетка;
- 2) қара-көк түсті берет;
- 3) болат және қара-көк түсті ашық бір өнірлі китель;
- 4) құнделікті құрте қара-көк түсті;
- 5) қысқа немесе ұзын жеңді ақ және көгілдір түсті жейде;
- 6) болат және қара-көк түсті юбка;
- 7) қара түсті галстук;
- 8) қара түсті былғары туфли.

16. Қалпақ-таблетка фетровалық матадан жасалады, салтанатты, болат түсті, құнделікті қара-көк түсті, тегіс-бұтін формаланған, ортасында және өнірлерінде дөңгелек ұзартылған қалпақты басынан тұрады. Өнірінің алдында кокардасы бар.

17. Берет астарымен қара-көк түсті жүннен тоқылған матадан тігіледі. Береттің асты ені 50 мм қара-көк түсті трикотаж матасынан тігіледі. Береттің алдындағы ортасына кокарда тағылады.

18. Китель жартылай жүн матадан жасалады. Салтанатты китель – болат түсті матадан, құнделікті - қара-көк түсті матадан. Китель жартылай қынамалы пішінді, бір жаққа ілме өнірлі, астары бар, ұзартылған, лацканың бүгіletін жеріне дейін төрт нысанды түймелермен түймеленеді. Жағасы мен лацкандары қайырмалы. Жағасының шетіне ені 2,5 мм ашық сұр түсті жиек салынған. Жені жапсыра тігілген, қос тігісті, шлицтің шынтақтағы тігісінде үш нысанды түймелер бар. Женінің төменгі жағында қайырмасы бар, оның жоғарғы жағына ені 2,5 мм ашық сұр түсті жиек салынған. Сол жақ жеңінде жеңдік белгісі (шеврон) бар. Арқа тұсының ортаңғы тігісі бар, клапандары бар жанындағы көлденең ойылған қалталарымен бүйірлерінде қапталдық өнірлік тігістер салынған.

19. Құнделікті құрте қара-көк түсті жартылай жүнді матадан тігіледі. Құрте тік пішінді өнірі сыйырмалы ілгекпен түймеленеді. Бүйірлері жалғап тігілген иінішті, жалғап тігілген жерінде жапсырылып салынған клапанды төс қалталар мен ойылып салынған рамкалы екі жан қалтасы бар, олар сыйырмалы ілгекпен түймеленеді. Арқасында жалғап тігілген иініш және иініш жапсырылған тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Жағасы қайырылған. Жені қос тігісті, жапсыра тігілген манжеталары және шынтақ тігісінде тілігі бар. Сол жақ жеңінде жеңдік белгі (шеврон) тігілген.

Күртөнің тәменгі жағында екі бүйірі жалғап тігілген, төрт қатар резинкамен тартылған болады. Манжеталары нысанды екі шағын түймемен, ал клапандары бір түймемен түймеленеді.

20. Ұзын жеңді жейде көгілдір тұсті полиэстердің үйлесуімен мақтадан тоқылған матадан тігіледі. Жейде тік пішінді, орталық өңірден түймелермен түймеленеді және клапанды екі жапсырма төс қалтасы бар. Жейденің тәменгі жағында бүйір тігістері төрт қатар резинкамен тартылып, сырыйп тігіледі. Қондырмалы қайырма жағалы, тіктеп жалғанған. Жені жапсыра тігілген, қос тігісті, шынтақ тігістері шлицамен өнделген, жеңінің тәменгі жағына түймелермен түймеленетін манжеталар жалғана тігілген. Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иініші бар, тігілген тігіс бойымен екі жерден қаусырылған.

21. Қысқа жеңді жейде көгілдір тұсті полиэстердің үйлесуімен мақтадан тоқылған матадан тігіледі. Жейде тік пішінді, орталық өңірден түймелермен түймеленеді және клапанды екі жапсырма төс қалтасы бар. Жейденің тәменгі жағында бүйір тігістері төрт қатар резинкамен тартылып, сырыйп тігіледі. Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы бар, тіктеп жалғанған. Жені қысқа, сырыйлған қос тігісті, жеңінің тәменгі жағына имитациялы манжеталар салынған. Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иініші бар, тігілген тігіс бойымен екі жерден қаусырылған.

22. Юбка астарымен қара-көк тұсті, салтанатты – болат тұсті жұн аралас матадан тігіледі. Юбка тік пішінді, ұзындығы тізенің ортасына дейін келеді. Юбканың артқы және алдыңғы жақтарындағы тігістер сырмаланып өнделген. Юбканың ортаңғы және сол жақ тігісінің арасындағы алдыңғы сол жақ тігісіне тәменнен жоғары қарай ені 2,5 мм алтын тұсті жиек салынған. Юбканың артқы жағының ортаңғы тігісі шлицаға ұласады. Артқы жағының орталық тігісіне сыйырма ілгек салынған. Белі сырыйлып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайрылған тігістерінің ені 10 мм. Әрленген тігістерінің ені 2 мм.

23. Галстук қара тұсті матадан тігілген және созылған трапеция тәрізді, негізгі бөлігі тік бұрыш болып аяқталады.

24. Туфлиі өкшесі биік емес, қара тұсті былғары.

3 – сурет

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының сезондық-қысқы ерлерге арналған нысанды киім (погонсыз)ұлгілері



Ескерту: а – сезондық нысанды киім; б – қысқы нысанды киім
4 – сурет

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының сезондық-қысқы
әйелдерге арналған нысанды киім (погонсыз) үлгілері**



Ескерту: а – сезондық нысанды киім; б – қысқы нысанды киім

**Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың сезондық-қысқы
нысанды киімдерінің (погонсыз) сипаты**

25. Сезондық-қысқы киімнің жатады (3-4 сурет):

- 1) қой терісінен жасалған ашық сұр түсті құлақшын;
- 2) қара-көк түсті плащ;
- 3) ашық сұр түсті жағасы цигейкадан қою-көк түсті пальто;
- 4) ашық сұр түсті жүннен жасалған мойын орауыш;
- 5) қара түсті бұлғары жылды етік (қысқа етік).

26. Құлақшын ашық-сұр түсті елтіріден жасалады. Құлақшының ортасында кокарда орналасады.

27. Ерлердің плащи, қою-көк түсті суға төзімді плащтық матадан жасалынады, тік силуэтті, тоғалы алмалы белдігі бар. Бүйір бөліктерінде жапсырылған жапырақшалы қиық қалталары бар, ұшпалы иініштер түймемен түймеленеді. Арқасының ортаңғы тігісі және бүрмесі, ұшпалы иініші бар. Жені тігілген. Сол жақ жеңінде – жең белгісі бар. Ілгешегі көрінбейтін. Бүйір бөліктерінде, иініштерінде, жапырақшаларында, жағасында шетінен әрленген тігіс жүргізілген.

28. Әйелдер киетін плащи, қою-көк түсті суға төзімді плащтық матадан жасалады, тік силуэтті, тоғалы алмалы белдігі бар. Бүйір бөліктерінде жапсырылған жапырақшалы қиық қалталары бар, ұшпалы иініштер түймемен түймеленеді. Арқасының ортаңғы тігісі және бүрмесі, ұшпалы иініші бар. Жені тігілген. Сол жақ жеңінде - жең белгісі бар. Ілгешегі көрінбейтін. Бүйір бөліктерінде, иініштерінде, жапырақшаларында, жағасында шетінен әрленген тігіс жүргізілген.

29. Ерлер киетін пальто – қос өңірлі, ашық, қою-көк түсті, теріден жасалады қайырылған жағасы және лацканы, әр бүйір бөлігінде үш нысанды түйме бар. Бүйір бөліктерінде көлденең қиылған бүйір қалталары бар. Арқасының ортасында шлицамен аяқталатын тігіс бар, беліне үш бөліктен тұратын белдікше қондырылған, белдікшенің ортаңғы бөлігі бүйір бөліктеріне кішкентай төрт нысанды түймемен (әр шетінен екеуден) бекітіледі. Жені екі реттен тігілген, хлястик қайырмасы бар. Сол жақ жеңінде жең белгісі шеврон бар.


30. Әйелдер киетін пальто – қос өңірлі, ашық, қою-көк түсті, теріден жасалады қайырылған жағасы және лацканы, әр бүйір бөлігінде үш нысанды түйме бар. Бүйір бөліктерінде көлденең қиылған бүйір қалталары бар. Арқасының ортасында шлицамен аяқталатын тігіс бар, беліне үш бөліктен тұратын белдікше қондырылған, белдікшенің ортаңғы бөлігі бүйір бөліктеріне кішкентай төрт нысанды түймемен (әр шетінен екеуден) бекітіледі. Жені тігілген, қайырмасы бар. Сол жақ жеңінде жең белгісі бар.

31. Мойын орағыш – ашық сұр түсті жүннен матадан жасалады.

32. Аяқ-киім сезондық-қысқы былғары етік (тері салынған) қара түсті, ерлер ұшін қысқа қонышты, әйелдер ұшін ұзын қонышты болады;


5 – сурет

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының арнайы
нысанды киім (погонсыз) ұлгілері**



а

б



в

г

д



е

Ескерту: а – қой терісінен дайындалған қысқа тон; б – унта аяқ киімі; в – резенке етік; г – хромнан жасалған әйелдердің қысқа етігі; д – бәтенке; е – халат.

**Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық инспекторларының арнайы нысанды
киімдерінің (погонсыз) сипаты**

33. Арнайы киімнің жатады:

- 1) қой терісінен жасалған қысқа тон (5, а сурет);
- 2) унты (5, б сурет);
- 3) резинке етік (5, в сурет);
- 4) хромнан жасалған әйелдердің қысқа етігі (5, г сурет);
- 5) статикалық салмақтан және шаршағыштықтан қорғайтын бәтеңке (5, д сурет);
- 6) халаттар (5, е сурет).

34. Қысқа тон тік силуэтті, жылы қой терісінен жасалынады, қара түсті жібек матамен қапталып жасалған. Бүйір бөліктерінде жапсырылған жапырақшалы қылқ қалталары бар. Жеңі екі реттен тігілген, жеңіне қайрыла әрленген тігіс жүргізілген. Сол жақ жеңінде – жең белгісі (шеврон) бар. Жағасы әрленген тігіс жүргізілген, қара түсті қой терісінен дайындалған.

35. Қысқы унта, опушкасы қой терісі, ботинкасы қой терісінен дайындалған, астары таза теріден жасалған, түсі қара.

36. Резина етік арнайы жұмысшыға арналған универсальды етік. Судан қорғану үшін қолданылады. Үлгілік әдіспен жасалынады.


37. Хромнан жасалған әйелдердің қысқа етігі, түсі қара, таза былғарыдан жасалған, өкшесі қатты.

38. Бәтеңке статикалық салмақтан және шаршағыштықтан жоғары күштен қорғайтын бәтеңке, жоғарғы беті-тегіс таза хромделген былғарыдан, астары жұқа былғарыдан, табандығы ТЭП (термоэластопласттан +/- 40 C⁰) клейленіп тігістелген әдіс арқылы бекітілген.

39. Халат қағаз мақта матасынан дайындалады. V – образды дайындалған қайырылған жағасы бар, 2 бүйір қалталары бар. Халат түйменен түймеленген. Түсі ак.


6 – сурет

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының арнайы үлгідегі шеврон



7 – сурет

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының жеңге тігілген айырма белгісінің үлгісі



Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының жеңге тігілген айырма белгісі 3 алтын түсті жолақ (аға бекетші)




Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының жеңге тігілген айырма белгісі 2 алтын түсті жолақ (бас маман)



Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының жеңге тігілген айырма белгісі 1 алтын түсті жолақ (жетекші маман)


8 – сурет

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының арнайы үлгідегі түймесі
Диаметр:**



9 – сурет

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының арнайы үлгідегі бас киімінің кокардасы



10 – сурет

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының арнайы нөмірленген кеуде белгісі үлгісі



Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың белгілеу жүйесінің сипаты

40. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың белгілік жүйесіне жатады:

- 1) шеврон (6 сурет);
- 2) женге тігілетін белгі (7 сурет);

- 3) түйме (8 сурет);
- 4) кокарда (9 сурет);
- 5) нөмірленген кеуде белгісі (10 сурет).

41. Шеврон, фигуралық формасы сопақша, көлемі 100x80 мм, көк түсті, ткацтік әдісімен жасалынады. Көк түсті щиттік формада және ішкі жағында алтын түсті бидайдың масақтарымен зерделенген. Бейненің ортасында алтын түсті, контурлы жасыл түсті сегізбұрышты жұлдыз, ортасында күн мен бүркіттің символикалық бейнесі бар, алтын түспен орындалған және бүркіттің бейнесінің астында орналасқан "Қазақстан" деген алтын түсті жазуы бар. Құннің ортасында ыдысқа оранған қара түсті жылан бейнеленген. Шевронның жоғары жағында "МЕМЛЕКЕТТІК", төменгі жағында – "ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОРЫ" деген жазуы бар. Жең белгісінің жиектері ашық-сұр түсті тігіспен жиектелген. Жең белгісі (шеврон) сол қолдың жеңінің сырт жағына, сыртқы киімнің жеңінің жоғарыдан 120 мм аралығына тігіледі.

42. Айырма жең белгісі, ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының атқаратын қызметтік міндеттері жеңге тігілген айырма белгісі (алтын түсті жолақ) арқылы анықталады. Жеңге тігілген алтын түсті жолақ сол қолдың сырт жағына орналастырылады. Жеңнің төменгі шеті мен белгінің төменгі шетінің арасы 90 мм, ұзындығы 70 мм, биіктігі 9 мм.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының құрамы мына жеңге тігілген айырма белгілері белгіленген:

- 3 алтын түсті жолақ – аға бекетшіге арналған;
- 2 алтын түсті жолақ – бас маманға арналған;
- 1 алтын түсті жолақ – жетекші маманға арналған.

43. Түймелер домалақ формалы, ілмешегі бар, көлемі 24 мм және 14 мм, алтын түсті металл ерітіндісінен жасалған, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы рельефтік бейнесі бейнеленген.

44. Кокарда сары алтын түсті бүтін металл қорытындысынан жасалған, гербың бейнесі бар. Фигуралық формасы сопақша көгілдір фонда бүркіт және күн бейнесі бар. Құннің ортасында ыдысқа оранған қара түсті жылан бейнеленген. Кокарда екі жағына бірдей симметриялы үш бұтақтармен көмкерілген. Көмкерілген жиектердің көлемі биіктігі 40 мм, жалпақтығы 70 мм. жиектелген. Сыртқы жағында екі металдан жасалған аяқтар дәнекерленген. Кокарда бас киімнің алдыңғы жағында ортасына бекітіледі.

45. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық испекторлардың ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі нөмірленген кеуде белгісі фигуралық сопақша формада, сары алтын түсті бүтін металл қорытындысынан жасалған. Белгінің ортасында, көгілдір түсті аумақта 30 мм диаметрде эмблема бейнеленген. Эмблеманың үстінде "МЕМЛЕКЕТТІК ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ИНСПЕКТОРЫ" деген жазуы бар темір лента жапсырылған. Жетонның бейнесінде эмблемадан жарып шыққан

сәуленің жарығымен нақышталған. Эмблеманың астында жетонның төменгі жағында төртбұрышты жеке нөмірі бар. Жетонның сырт жағына рет нөмірі енгізілген. Кеуде белгісінің ілмешегі әр түрлі варианта жасалынады.

ҚР Ауыл шаруашылығы
министрінің
2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 30/98 бұйрығына
2-қосымша

Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру туралы ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 18.07.2024 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы, Ережеде пайдаланылатын негізгі түсініктер мен анықтамалар:

1) нысанды киім – ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының қызметтік арнайы киімі;

2) лауазымды адам – ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар.

3. Нысанды киім ерлерге және әйелдерге арналған болып бөлінеді.

4. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде нысанды киімді киіп жүру міндетті.

5. Нысанды киімді және оның заттарын киіп жүру мерзімдері оның берілген күнінен бастап саналады.

6. Нысанды киіммен қамтамасыз ету мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның мекемесінің есебінен жасалады.

7. Лауазымды адам беретін нысанды киім мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын

ветеринария саласындағы уәкілетті органның мекемесінің меншігі болып табылады және босату кезінде қайтарып беруге жатады.

8. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың нөмірлі кеуде белгісі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың жеке нөмірі бар кеуде белгісі ретінде тиісті нысанды киімге тағып жүргүе арналады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың жеке нөмірі төрт символдан тұрады:

1) бірінші символ – латын әліпбімен белгіленген, Қазақстан Республикасының облыстарына және респубикалық маңызы бар қалаларына, астанаға бекітілген литерлік код;

2) соңғы үш символ – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствоғы бекіткен және берген ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың жеке нөмірі.

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың шегінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың жеке нөмірлерін беру осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес рет-ретімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Киім нысаны мынадай жағдайларда киіледі:

1) салтанатты нысан – мемлекеттік наградаларды беру кезінде, салтанатты отырыстарда, ресми қабылдауларда, сондай-ақ мерекелік күндерде. Киімнің салтанатты нысанын қызметтен бос уақытта киіп жүргүе рұқсат етіледі;

2) күнделікті нысан – қызметтік міндеттерді орындау кезінде, оқуда және қызметтен бос уақытта;

3) арнайы нысан – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың және қадағалаудың бақылауындағы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) жүктөрді қарау жөніндегі қызметтік міндеттерді орындау кезінде.

10. Нысанды киімнің барлық заттары тазаланған және өтектелген болуы тиіс. Кительдің, сыртқы жейде қалталарының қақпалары сыртқа түсірілген болуы тиіс.

11. Теріден жасалған құлақшын бөрік, фуражка, таблетка-қалпак, берет төменгі жиегі қастың үстінен бір-екі елі биіктікте, күн қағар қастың деңгейінде киілуі керек. Кокарданың ортасы қастың ортасына келуі керек. Теріден жасалған құлақшын, фуражка, таблетка-телпек қисайтылмай тік киіледі. Берет он жаққа сәл қисайтыла киіледі.

12. Плащ белдігі салынып киіледі. Еденнен плащтың етегіне дейінгі қашықтық 42 – 45 сантиметр (бұдан әрі – см.).

13. Китель барлық түймелеріне салынады.

14. Құртенің сыдырма ілмегін кеуде қалталарының деңгейіне дейін ағытып киеді.

15. Китель киілген кезде ғана жейдені галстукпен киеді.

16. Галстук үстіңгі үшінші және төртінші түйменің арасында жарғылық үлгідегі қысқышпен жейденің үстінен бекітіледі.

17. Аяқ киім тазаланған болуы тиіс. Бәтенке жинақы бауланған.

18. Шарф пальтоның (плащтың) жағасының астына жинақы түрде салынады.

Шарфтың жоғарғы шеті жағаның астынан біркелкі 1 – 2 см. шығып тұруы тиіс.

19. Пальто, плащ барлық түймелеріне салынады.

20. Киюге рұқсат беріледі:

1) жазғы салтанатты және жазғы қызметтік киімді киіоде жейделерді кительсіз галстукпен;

2) галстуксыз, кительсіз үсіңгі түймесін ағытып, қысқа жеңмен киюге рұқсат етіледі

21. Нөмірлі кеуде белгісі (жетон), кителдің алдыңғы өнірлі жақтауының сол жағына орналасады (немесе күнделікті куртканың қалтасында болады). Жазғы үлгілік киім көйлегінде, қысқы үлгілік киімдерде плашта, пальтода нөмірлі кеуде белгісін (жетонды) тағып жүргуге болады.

Ветеринариялық бақылау
бекеттеріндегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
инспекторларының нысанды
киімді (погонсыз) киіп
жүру ережесіне
қосымша

Қазақстан Республикасының облыстарына, респубикалық маңызы бар қалаларына және астанасына бекітіліп берілген латын әліппенің әріпттерімен белгіленген литерлік кодтар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 18.07.2024 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

P/c №	Атауы	Бекітіліп берілген әріптік символ
1	Астана қаласы	Z

2	Алматы қаласы	A
3	Шымкент қаласы	Y
4	Ақмола облысы	C
5	Алматы облысы	B
6	Жетісу облысы	J
7	Ақтөбе облысы	D
8	Атырау облысы	E
9	Шығыс Қазақстан облысы	F
10	Абай облысы	Q
11	Жамбыл облысы	H
12	Батыс Қазақстан облысы	L
13	Қарағанды облысы	M
14	Ұлытау облысы	U
15	Қызылорда облысы	N
16	Қостанай облысы	P
17	Манғыстау облысы	R
18	Павлодар облысы	S
19	Солтүстік Қазақстан облысы	T
20	Түркістан облысы	X

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК